**Коммунизм туы 1955 г.**

1. Профессиональный долг учителей, 12 января

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 8 (3083). | СӘРСЕНБІ, 12 январь 1955 жыл. | Шыға бастағанына XVI жыл. Жеке саны 20 тыйын.

## Мұғалімдердің абройлы борышы

Шығыс Қазақстан облысының мектептерінде мыңдаған жасөспірімдер білім алуда. Мұғалімдердің зор әрмиясы жастарды ғылым негіздерімен каруландыруда. Үстіміздегі оку жылының бірінші жартысында облыстың бірқатар мектептері оқушыларға сапалы білім және саналы тәрбие беруде елеулі табыстарға жетті.

Предгорный ауданының мектептерінде оқушылардың сабақты толық үлгіруіне барлық жағдай жасалған. Мектепке алыстан қатынап оқыйтын оқушылар арнаулы транспортпен қамтамасыз етілген. Бұл шара оқушылардың сабақ үлгіруіне жағдай жасады. Предгорный және № 2 Глубокое орта мектептерінің дирекциясы мен мұғалімдер коллективі оқу-материалдық базаны нығайта отырып, оқушылардың жан-жақты білім алуына жетісті. Бұл мектептердің мұғалімдері күнделікті сабақтарға мұқыят әзірленіп келеді, сабақ түсіндіргенде көрнекі құралдар нақты пайдаланылады. Оқушылардың теориялық білімін өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының практикасымен нығайту жолға қойылған. Бұл осы мектептердің оқу жылының бірінші жартысын жоғары көрсеткішпен аяқтауына негіз болды.

Мектептердегі методикалық бірлестіктердің, педагогикалық советтердің, ата-аналар комитеттерінің жұмыстары оқу-тәрбие жұмысын барынша жақсартуға негізделген. Арнаулы пән үйірмелері жұмыс істейді. Бұл жөнінде биология пәні үйірмесінің жұмысы айтуға тұрарлық. Пән үйірмелерін басқаратын мұғалімдердің жұмыстарына бақылау жасалады. Осының бәрі оқудың сапасын арттыра түсуге мүмкіндік беруде.

Алайда, мұғалімдердің январь кеңестерінде көптеген мектептерде оқу-тәрбие жұмысының сапасы әлі де нашар екендігі айқындалды. Оқу жылының бірінші жартысының қорытындысында облыс мектептеріндегі оқушылардың бестен бір бөлігі бір және бірнеше пәннен үлгірмеген. Бұл халық ағарту орындары қызметкерлерінің жоғары талаптың дәрежесінде жұмыс істей алмағандығын, оларға жергілікті партия, совет ұйымдары тарапынан бақылау мен басшылықтың жеткіліксіз болғандығын көрсетеді.

Тарбағатай, Бұхтарма аудандарының көптеген мектептерінде оқушылардың сабақты толық үлгіруі қамтамасыз етілмеген. Оқушылардың программалық лабораториялық және практикалық жұмыстардан өтуіне қамқорлық жасалмаған. Әрине, бұл кемшіліктерді кейбір мұғалімдердің сабақты сапалы оқытуға, оның идеялық-теориялық дәрежесін арттыру үшін педагогикалық талаптарға сай жұмыс істеуге, жалпы білім дәрежесін арттыруға жете көңіл бөлмейтіндігімен дәлелдеуге болады.

Оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктер мектеп дирекциялары мен аудандық, қалалық оқу бөлімдері тарапынан мұғалімдердің жұмысына бақылаудың жеткіліксіз болғандығын көрсетеді. Бірқатар аудандық оқу бөлімдері мұғалімдердің сабақ оқытуына инспекторлық тексеру жасамайды. Ал облыстық оқу бөлімінің басшылары мен инспекторлары мектептердің немесе мұғалімдердің жұмысына оқудың қорытындысы шығарылатын кезде, тоқсан аяғында ғана тексеру жасауды практикаға айналдырған. Бұл дұрыс емес.

Зайсан ауданының мектептерінде оқу-тәрбие жұмысы қанағаттанғысыз болып қалуда. Аудан мектептерінде соңғы тоқсанда 800-ден астам оқушы бір және бірнеше пәннен үлгірмеген. Аудан орталығындағы қазақ және орыс орта мектептерінде әрбір төртінші оқушы сабақ үлгірмейді. Бұл төзгісіз кемшіліктерді біле тұра мектеп директорлары Сапарғалиев, Клитпин жолдастар жасырып келген. Олар мұғалімдердің сабақ берудегі жауапкершілігін арттыруды қамтамасыз етпеген. Аудандық Совет атқару комитеті мен оқу бөлімі, олардың басшылары Мұстафин, Уақитов жолдастар мектептердің жұмысына ешқандай көңіл бөлмейді.

Мектепке тартылған оқушылардың сабаққа түгел жә...
...ебей қатысуын қамтамасыз ету оқу-тәрбие жұмысын жа...

мектептердің жұмысына ешқандай көңіл бөлмейді.

Мектепке тартылған оқушылардың сабаққа түгел және үзбей қатысуын қамтамасыз ету оқу-тәрбие жұмысын жақсартудың маңызды шарты. Бірақ оқу жылының бірінші жартысында Өскемен қаласында 200-ден астам, Шемонаиха ауданында 50-ден астам бала мектептен тыс қалған. Шемонаиха ауданында екінші тоқсанда дәлелсіз себеппен 13 оқушы мектептен шығарылған. Бұл кемшіліктер оқу бөлімінің меңгерушілері Поветин, Абрамов жолдастарға және Совет атқару комитеттеріне көптен мәлім. Бірақ оны түзетудің шұғыл шаралары қолданылмай қалуда. Совет атқару комитеттері жалпыға бірдей міндетті оқу заңын жүзеге асыру ісіне басшылықты жақсартпай отыр.

Оқу жылының бірінші жартысында байқалған кемшіліктерді түзетіп, мектептерде оқу-тәрбие жұмысын барынша жақсарту керек. Әрбір мектептің жастарға білім беруде көрнекті табыстарға жетуі мұғалімдердің жұмысына тығыз байланысты. Әрбір мұғалім сабаққа мұқыят әзірленіп,оны идеялық-теориялық жағынан жоғары дәрежеде өткізуге тиіс. Сабақтың теориялық негізін практикалық істермен байланыстырып, оқушыларды еңбек сүйгіштікке баулу жұмысын кеңінен өрістету қажет.

Мектеп дирекциясы мен мұғалімдер коллективі оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру үшін оқушылардың берік ынтымақты коллективін құрып, комсомол және пионер ұйымдарының көмегіне сүйеніп, олардың жұмысын жақсарта түсулері керек. Класс жетекшілері оқушылардың ата—аналарымен тығыз байланыс жасап, мектеп тәрбиесін семья тәрбиесімен ұштастырып, оқушылардың сабақ үлгірудегі жауапкершілігін арттыруға жетісулері қажет.

Оқушылардың алған білімін оларды кәсіпорындарға, колхоздар мен МТС-терге экскурсияға шығару арқылы толықтырып отыру нақты көңіл бөлетін іс. Сонымен қатар мұғалімдер пән үйірмелерін дұрыс басқарып, олардың жұмысын негізінен жақсартуды қамтамасыз етуге міндетті.

Мектеп—болашақ маман кадрлар даярлайтын орын, идеологиялық жұмыстың маңызды участогі. Сондықтан, оның оқу-тәрбие жұмысын жастарға сапалы білім беруге бағыттау жергілікті партия, совет органдарының, халық ағарту қызметкерлерінің ең абройлы борышы.

2. Исправить недостатки в медицинском обеспечении, 15 января

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 10 (3085). | СЕНБІ, 15 январь 1955 жыл. | Шыға бастағанына XVI жыл. Жеке саны 20 тиын.

## Медициналық қамтудағы кемшіліктер түзетілсін

Ұлан ауданында соңғы жылдары еңбекшілерге медициналық қызмет ету біраз жақсарды. Қазір ауданда бір аурухана, Қанай, Тарғын, Асубұлақ селоларында участоктік ауруханалар жұмыс істейді. Ал Огневка, Ленинка селоларында участоктік ауруханалар ашылды. Бұлардан басқа алыс отар участоктерінде 9 медициналық пункт бар. Бұл медициналық мекемелерде 30 дан астам жоғары және орта дәрежелі білімі бар дәрігерлер қызмет істейді.

Ауданда өз міндеттерін ойдағыдай орындап, құрметке ие болған дәрігерлер аз емес. Аудандық аурухананың бас дәрігері —хирург Генрих Павлович Малых жолдас өз міндетіне жауапты қарайды. Малых жолдас қоғамдық-саяси өмірге де үздіксіз араласып отырады, медициналық тақырыпта жасаған оның лекцияларын жұртшылық ынтамен тыңдайды.

Ленинка селосындағы медициналық пункт колхозшыларға дәрігерлік қызмет ету жұмысын жақсартқан. Пункт меңгерушісі Анна Михайловна Власова жолдас өз ісінде талаптылық және творчестволық ынта көрсетіп отырады. Власова жолдасты мал фермасынан жиі кездестіруге болады. Оның инициативасымен бұл жерлерде шағын аптекалар ұйымдастырылды. Ол соңғы кезде колхозшылар арасында түрлі тақырыптардан бірнеше мазмұнды лекциялар жасады.

Алайда, еңбекшілерге медициналық қызмет ету жұмысында әлі көп кемшіліктер бар. Әсересе мал отар участоктеріндегі колхозшыларды дәрігерлік қамту ісі жақсы емес. Аудандық денсаулық сақтау бөлімі мал фермаларына тәжрибелі дәрігерлер жіберіп тұрмайды. Молотов атындағы колхоздың бригадалары мен мал фермалары аудannan алыс емес. Осылай бола тұрса да фермаларда дәрігерлер сирек болады. Тіпті Алғабас участогіне өткен жылы бір де медицина қызметкері бармаған. Сол сияқты Қызыл мал жайылымындағы колхозшылар арасында дәрігерлер өте сирек болады. Бұл фактілер аудандық денсаулық сақтау бөлімі, оның меңгерушісі Глазунова жолдастың колхозшыларға медициналық қызмет етуді талапқа сай ұйымдастыра алмай отырғандығын көрсетеді.

Кейбір медициналық пункттердің жұмысы еңбекшілердің тілегіне сай емес. Амангелді атындағы колхоздағы пунктте жұмыс жолға қойылмаған. Пункт көбінде жабық тұрады. Оның меңгерушісі Добрынин жолдас маскүнемдік жолға түскен. Бірақ оған тыйым болатындай қатаң шара қолданылмай қалуда.

Бірқатар ауыл-селолық Советтер мен колхоз басшылары медициналық пункттердің бірқалыпты жұмыс істеуіне көңіл бөліп, қамқорлық жасамайды. Оларды отынмен, транспортпен қамтамасыз етпейді. Мерзімінде қаржыландырып отырмайды. Бұл кемшілік Сарыөзек және Айыртау ауылдық Советтерінде орын алған.

Еңбекшілерге медициналық қызмет көрсетуді жақсартуға, ауыл-селолардың санитарлық мәдениетін арттыруға Қызыл крест және Қызыл жарты ай қоғамын кеңінен қатыстырудың маңызы зор. Қоғамның аудандағы 19 бастауыш ұйымында жүздеген мүше бар. Алайда, аудандық денсаулық сақтау бөлімі бастауыш ұйымдардың жұмысына басшылық етпейді.

Облыстық денсаулық сақтау бөлімі, оның басшылары емдеу орындарының жұмысына көңіл бөлмейді. Ауданда медициналық кадрлар жетіспейді. 3 дәрігер, 12 медициналық сестраның орны бос тұр. Мұның өзі колхозшыларға медициналық қызмет ету ісіне нұқсан келтіріп отыр.

Аудандық аурухананың салына бастағанына 5 жылдан астам уақыт болды. Бірақ, аурухана үйінің қашан салынып бітері белгісіз. Құрылысқа жарты миллионнан астам қаржы жұмсалды. Құрылыстың прорабтары жыл сайын ауысады. Олардың әрқайсысы құрылысты өзінше жоспарлап, бұрынғы дайын тұрғандарды бұзып, бүлдіреді.

Жақында облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Нигматуллин жолдас Ұлан ауданына келіп, аурухана үйінің құрылысын алдағы жылы бітіріп, пайдалануға береміз деп кетті. Бірақ аурухана үйінің құрылысы әлі тоқтап тұр.

Колхозшыларға дәрігерлік қызмет ету жұмысын үлгілі ұйымдастыру жергілікті партия, совет ұйымдарының, медицина қызметкерлерінің маңызды міндеті. Ұлан аудандық Совет атқару комитеті мен денсаулық сақтау бөлімі емдеу орындарының жұмысы талапқа сай болуын қамтамасыз етулері керек.

Қ. БАЙМОЛДИН,
Ғ. РАИСОВ.

3. Улучшим культурное обслуживание колхозников.

В Кокчетавском медицинском училище готовят медицинских сестер и фельдшеров, 15 января

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 10 (3085). | СЕНБІ, 15 январь 1955 жыл. | Шыға бастағанына XVI жыл. Жеке саны 20 тиын.

мысы еңбекшілерінің ...
Амангелді атындағы колхоздағы пунктте

## Колхозшыларға мәдени қызмет етуді жақсарта береміз

Лениногор ауданы колхоздарындағы мәдениет орындарының жұмысы жақсара түсуде. Оқу үйлері мен клубтардың мәдени материалдық базасы нығайтылуда. Бұл колхозшылардың мәдени қажетін үлгілі өтеуге, мәдени-көпшілік жұмыстарын шаруашылық міндеттерді табыспен жүзеге асыруға бағыттап жүргізуге мүмкіндік беруде. Попереченскі селолық кітапханасының жұмысы атап айтарлықтай.

Село еңбекшілері кітапхана үйін жаңадан салуға қамқорлық жасады. Кітапхананың оқу залы және кітап сақтайтын арнаулы орны бар. Мұнда саяси және көркем әдебиеттер саны екі мың данаға жетті. Кітапхана меңгерушісі Чумак жолдас колхозшылар арасында жиі болып, газеттерден соңғы жаңалықтарды дауыстап оқып береді, арнаулы әңгімелер өткізіп, әдебиет кештерін ұйымдастырады. Бұл жұмыстарға комсомолецтер мен жастар, озат колхозшылар кеңінен қатыстырылады.

«Вторая пятилетка» ауылшаруашылық артеліндегі клубтың жұмысы да талапқа сай болуда. Колхозшылар Қостанай облысы Таран ауданы еңбекшілерінің үндеуін талқылап, клубты қажетті жабдықтармен толықтыруға қамқорлық жасауда. Клубтың жұмысын басқаруға мәдени-көпшілік жұмысын жүргізе алатын қабілетті колхозшы Панов жолдас жіберілді. Сол сияқты бұл ауылшаруашылық артелін қамқорлыққа алған Сокольный руднигі мен байыту фабрикасы клубқа қажетті дивандар, түрлі плакаттар жасап берді. Рудниктің көркемөнерпаздар коллективі колхозшыларға қызықты концерттер қойып тұрады. Олар клуб жанынан драма үйірмесін ұйымдастыруға көмектесті.

Бұл ауылшаруашылық артеліндегі кітапхананың кітап қоры мың данаға жетті. Колхоз басқармасы кітапхананың мәдени материалдық базасын нығайтуға қаржы бөлді. Кітапхана жанынан лекторлар тобы ұйымдастырылды. Оған мұғалімдер, агрономдар мен зоотехниктер, мал дәрігерлері қатысады. Олар әртүрлі тақырыптардан лекциялар мен баяндамалар жасап тұрады.

«Животновод» ауылшаруашылық артеліндегі клубтың мәдени-ағарту жұмыстары колхозшылардың тілегіне сай болуда.

Қала мәдениет орындары колхоздардағы кітапханалар мен оқу үйлерінің жұмысына көмектесіп тұрады. Мәселен, Лениногор полиметалл комбинатының орталық механикалық мастерскойының, № 1 жастар жатақханасының көркемөнерпаздар коллективтері колхозшыларға концерттер қойып тұрады.

Колхозшыларды киномен қамту ойдағыдай ұйымдастырылуда. Елді пункттерде айына 5-7 реттен кинолар қойылып тұрады. Киномеханиктер жаңа кинофильмдердің мазмұнын түсіндіруге нақты көңіл бөледі. Мәселен, киномеханик Троеглазов жолдас кино қоярдан бұрын әртүрлі тақырыптарда әңгіме өткізеді.

Алайда, қаладағы кейбір кәсіпорындардың мәдениет орындары қамқорлықтағы колхоздардың мәдениет орындарына аз көмектеседі. Бұл кемшілік «Лениногорсксвинецстрой» тресі клубының дирекциясы тарапынан кездесіп отыр. Бұл клубтың көркемөнерпазшылары колхозшыларға арнап концерттер қойып тұрмайды.

Бұл кемшіліктерді түзетіп, колхозшылардың мәдени қажетін өтеу жұмысын кеңінен өрістету керек.

**В. ДЯГИЛЕВ,**
**Лениногор қалалық мәдениет бөлімінің меңгерушісі.**



Көкшетаудағы медицина училищесі жаңадан ұйымдастырылатын совхоздардағы медициналық мекемелер үшін медицина сестралары мен фельдшерлер даярлайды. Қазір мұнда 200 астам оқушылар оқиды.

СУРЕТТЕ: медициналық сестралар тобындағы комсомолкалар кезекті сабақтарына дайындалып отыр.

**Суретті түсірген П. Коновалов (КазТАГ).**

4. Ценный материал для сельского строительства, 16 января



БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 11 (3086). | ЖЕКСЕНБІ, 16 январь 1955 жыл. | Шыға бастағанына XVI жыл. Жеке саны 20 тиын.



## Селолық құрылыс үшін бағалы материал

Тың және тыңайған жерлерді игеру селолық құрылысшылардың алдына көптеген тұрғын үйлер мен өндірістік үйлер салу міндетін қойды. Машина-трактор станциялары мен совхоздардың территориялары нда салынып жатқан үйлер мен құрылыстардың комплексі ішінде құны жағынан да, сол сияқты жұмысының көлемі жағынан да тұрғын үй құрылысы негізгі орын алады. Қазақстанның жаңадан игеріліп жатқан жерлерінде алдағы жылы 60 мың тұрғын үйлер салу жоспарланып отыр. Бұл үйлердің азғана бөлегі басқа республикалардан әкелінетін ағаш бөлшектерден құрастырылады. Құрылыс үшін негізінен жергілікті материалдар пайдаланылатын болады.

Бұл міндетті индустриялық әдісті қолданғанда ғана қысқа мерзімде жүзеге асыруға болады. Бұл құрылыс алаңынан тыс, заводта жасалған үйлердің бөлшектері тікелей құрылыс алаңында монтаждалады деген сөз.

Қазақстанда неғұрлым көп кездесетін жергілікті құрылыс материалы қамыс болып табылады. Республика қамыстың запастары жағынан дүние жүзінің көптеген елдерінен кем түспейді. Қамыс халықтың құрылыс практикасында үйлердің қабырғаларын қалауға қолданылып келді. Қамыстан салынған құрылыстарды көріп, байқау, егер қабырғалары дұрыс салынып, төбелері дұрыс жабылған болса, үйлерді ұзақ уақыт пайдалану оның конструкциялық элементтерінің тозуына әсер етпейтінін көрсетті. Үйлердің қабырғаларын салуға 20 жылдан аса уақыт бұрын пайдаланылған қамыс көп ретте жаңа орылған сияқты болып көрінеді. Қамыстың мұндай сапасы оны селолық құрылыста үйлердің қабырғасын салатын материал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Әдетте қамыс қабырғалары үйлердің ағаштан жасалған каркасына қамысты будалап ұстастырып, бұдан соң екі жағынан балшықпен сылау әдісімен жасалағын. Мұндай әдіс шағын көлемді құрылысқа ғана лайықты. Ал үйлерді жаппай салғанда бұл әдістің тиісті нәтиже бере алмайтыны өзінен-өзі түсінікті.

Қазақ ССР Қалалық және селолық құрылыс министрлігінің № 2 және №3 құрылыс басқармаларының коллективтері қамысты үйлердің қабырғаларын жасау үшін панельдер—қамыс қалқандар күйінде қолданды. Панельдер заводтарда жасалып, құрылыс алаңдарына автомашиналармен жеткізілді. Жоба жасаушылар екі бөлмелі және кухнясы бар бір пәтерлі каркас үйдің жобасын әзірледі. Алматыда тәжрибеде байқау үшін осындай үйлер құрастырылды, олар орташа есептегенде 7—10 күн ішінде жасалып жүрді. Алайда бұл үйлерді ішінен және сыртынан сылап, бояу қажет болды. «Казсовхозстрой» тресінің бас инженері Попов жолдас құрғақ штукатуркалы қабырғалық панель жасауды ұсынып, оны жасап шығарды. Бұл заводта сыланатын, әбден дайын болған қабырғалық панель шығаруға мүмкіндік берді.

Қамысты үйлердің қабырғаларын жасау және төбесін жабу үшін пайдаланудың тиімділігі әсресе жеке адамдар үй салғанда айқын көрінеді. Егер құрастырмалы ағаш үй шамамен 45 мың сомға түссе, қамыс панельдерден жасалған осындай үй үш есе арзанға түседі. Кухнясы, қоймасы және верандасы бар екі бөлмелі үй салу үшін небәрі 6 текшеметр ағаш, 2,5 тонна цемент, 250 килограмм алебастр және 42 текшеметр қамыс керек. Жеті адамнан құрылған бригада мұндай үйді 5—6 күнде салып болады. Мұның өзінде қамыстан салынған үйдің тағы бір мынадай артықшылығы бар: ол жылуды кірпіш үйден кем сақтамайды және құрастырмалы ағаш үйден анағұрлым артық.

Қамыс үйдің іргетасы мен төменгі бөлегін кішкене бетон бағаналардан құрастырмалы етіп жасауға болады. Үйдің төменгі бөлегі бір жағынан қабырғалық панельдерді ұстастырып тұрады, ал панельдердің іші қамыспен толтырылады. Үйдің іші гипс-қамыс панельдермен бөлінеді. Үйдің шатыры жан-жағы тақтаймен ұстастырылған панельдерден, ал шатырдың тіреулері жеңіл типті құрастырмалы темірбетон кішкене балкалардан жасалады.

Қамыс үйлердің құрылысының жеңілдігі және құнының едәуір арзандығы таяу уақытта мұндай үйлерді жаппай салу ісін өрістетуге мүмкіндік береді. Қазақстанда үй жасайтын комбинаттар құрылысы қазірдің өзінде басталып отыр, олар құрастырмалы үйлердің бөлшектерін шығаратын болады. Мұндай комбинаттың негізгі цехтарының бірі қамыс панельдер жасау цехы болып табылады. Ол қамысты будалап байлайтын жай станокпен жабдықталады. Қамыс байлайтын мұндай станокты кәдімгі механикалық мастерскойда жасауға болады. Оның құны 1,5 мың сомнан аспайды. Бұл станоктың көмегімен күніне бір үйді салуға қажетті қамыс қалқандар жасауға болады.

Станок тоқыма станогінің принципімен жұмыс істейді. Оның ағаш рамасы бар, оған қамысты байлайтын сымы бар екі барабан және шестернялар системасы орнатылған. Шестернялар қамысты будалап, байлайды. Станоктың салмағы бір тоннадан сәл ғана асады. Оны шанаға орнатып, тракторға немесе автомашинаға тіркеп бір жерден екінші жерге жеткізуге болады.

Механикалық әдіспен жұмыс істейтін станоктың конструкциясы бұдан гөрі күрделірек. Алайда оны да кәдімгі мастерскойда жасауға болады. Ол бір күнде құрастырмалы үш үйге қажетті панельдер жасап шығара алады.

Қыс—селолық құрылысшылар үшін жауапты кезең және қамыс дайындайтын маусым. Бұл жұмысты кеңінен өрістете жүргізіп, машина күшін кеңінен қолдану керек.

**В. ЛИФШИЦ.**

5. Улучшить потребности скотоводов, 30 января

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 21 (3096). ЖЕКСЕНБІ, 30 январь 1955 жыл. Шыға бастағанына XVI жыл. Жеке саны 20 тиын.



## Малшылардың қажетін өтеу жақсартылсын

Тарбағатай ауданының еңбекшілері қо-
ғамдық мал басын көбейту міндеттерін
ойдағыдай жүзеге асыру үшін малды
қыстан шығынсыз күйлі шығару жолын-
да қажырлылықпен еңбек етуде. Аудан-
ның алдыңғы қатарлы малшылары өздері-
не жүктелген міндеттерді табыспен орын-
даудың шараларын қолдануда. Қыс айлары
малшылар үшін аса жауапты кезең болып
табылады. Сондықтан малшыларға жан-
жақты қамқорлық жасау, олардың тұты-
ну қажетін өтеу маңызды міндеттердің
бірінен саналады. Ауданның көптеген сау-
да орындары отар участоктеріндегі мал-
шыларды қажетті товарлармен қамтамасыз
етуге нақты көңіл бөлуде. Малшыларға
қыстық жылы киімдер жеткізілуде. Мұ-
ның өзі сауда орындары бойынша товар
айналымы жоспарының асыра орын-
далуына негіз болуда.

Малшылардың қажетін өтеуде Пок-
ровка сельпосының сауда орындары
елеулі табыстарға жетті. Бұл сельпо то-
вар айналымының жылдық жоспарын 105
процент орындады. Бірқатар колхоз орта-
лықтарындағы дүкеннің сатушылары
сауданы тұтынушылардың тілегіне сай
ұйымдастырып, оның мәдениетін арттыру-
да. Мәселен, Сталин атындағы, «Қазақ-
станның 30 жылдығы», Крупская атын-
дағы колхоз орталықтарындағы дүкеннің
сатушылары Сыбанов, Саудабаев, Әділше-
нова жолдастар колхозшылардың тұтыну
қажетін зерттеп өтейді. Бұл сатушылар
малшылардың қажет еткен товарларын
жеткізіп беруге ұқыпты қарайды. Осының
нәтижесінде сатушылар айлық жоспарла-
рын 130-150 проценттен орындауда.

Бірқатар сельполардың басшылары шөп
тасуда жүрген колхозшылар мен механи-
заторлардың, малшылардың қажетін то-
лық өтеу үшін көшпелі сауданы кеңінен
қолдануда. Алайда, сауданы ұйымдастыру
жұмысында елеулі кемшіліктер бар екенін
жасыруға болмайды. Әсресе мал отар
участоктеріндегі малшыларды пима, мақ-
талы шалбар, фуфайка, тон сияқты жылы
киімдермен қамтамасыз ету жақсартылма-
ған. Аудандық тұтынушылар одағының
жоспары бойынша отар участоктеріндегі
малшыларға жылы киімдер мол жіберілуі
тиіс еді. Бірақ бұлай болмай отыр.

Колхоздарға керекті құрылыс материал-
дарын жеткізу ісі нашар болып қалуда.
Аудандық тұтынушылар одағы колхоз
басқармасының заявкаларында көрсетіл-
ген ауылшаруашылық өндірісіне қажетті
материалдарды жеткізуге жете мән бер-
мейді. Сол сияқты сауда орындарына то-
вар бөлу және жеткізу ісін жақсарту ке-
рек болып отыр. Бірқатар колхоз орталық-
тарындағы дүкендерден сіріңке, шай, ке-
росин сияқты заттардың болмай қалуын
жиі кездестіруге болады. Соның салдары-
нан отар участоктеріндегі малшылар қа-
жетті товар алу үшін аудан орталығына
келуге мәжбүр болады. Ал сельполарға
барған сатушылар қажетті товарларын ала
алмай, кешігу фактісі жиі кездеседі. Мұ-
ның өзі сауданы жақсы ұйымдастыру ісі-
не нұқсан келтіруде. Мәселен, Покровка
сельпосына қарасты Маңрақ мал жайылым
участогіндегі сатушы Рақымжанов
жолдас сельподан товар алу үшін үш күн
бойына сауда жасамаған. Осындай жағ-
дай Қарасу, Ақжар сельполарының бас-
шылары тарапынан да жиі кездеседі.

Сауданы ұйымдастыруды жақсарту,
колхозшылардың тұтыну қажетін үлгілі
өтеу сатушыларға байланысты. Олар
сауданың мәдениетін арттырып, товарлар-
дың сапалылығын төмендетпеуге міндетті.
Алайда, бірқатар сатушылар сауда прин-
ципін бұрмалап, әкелінген товарларды
жасырып, тек тамыр-таныстарына береді.
Мысалы, Покровка сельпосы өзінің сауда
орындарына ауылшаруашылығы өнімдерін
тапсырған тұтынушыларға деп 20 чайник
бөлді. Ал, олардан магазинге түсіріліп
сатылғаны небәрі 8 чайник бол-
ған. Бұл сияқты кемшіліктер сельпо бас-
қармасының председателі Сақабаев жол-
дасқа әбден мәлім. Бірақ ол колхозшылар-
дың тұтыну қажетін өтеуді жақсарту ша-
раларын қолданбауда.

Әрбір сатушы колхозшылардың қажетін
үлгілі өтеу үшін сауда жасалатын уақыт-
ты дұрыс пайдалануы керек. Бірақ кейбір
сатушылар еңбек тәртібін бұзып, дүкен-
дерді кеш ашып, ерте жабады. Бұл кем-
шілік аудан орталығындағы магазиннің
сатушысы Сармолдаев жолдастың тарапы-
нан жиі кездеседі. Бірақ аудандық тұты-
нушылар одағы басқармасы сауда тәрті-
бін бұрмалаған сатушыларға қатаң шара
қолданбайды. Ауданның кейбір сельпола-
рының басшылары сауда қызметкерлері
арасында сауданы үлгілі ұйымдастырып,
товар айналымының жоспарын ай сайын
орындап отыру жолындағы жарысқа нақ-
ты басшылық етпейді. Сатушылардың ма-
мандығын арттыруға қамқорлық жасал-
майды. Бұл кейбір сатушылардың сауда-
ны өскелең тілектің дәрежесінде ұйымдас-
тыра алмауына әкеліп соғып жүр. Мәсе-
лен, аудан орталығындағы азық-түлік
магазинінің сатушысы Атақанов жолдас
товар айналымының айлық жоспарын
орындап отырмайды.

Аудан колхоздарының экономикасы ны-
ғайып, колхозшылардың әл-ауқаты мен
мәдени дәрежесі үздіксіз өсуде. Олардың
бағалы товарларға деген тілегі арта түсу-
де. Сондықтан, сауданы ұйымдастыру ісін-
дегі кемшіліктерді түзетудің шұғыл шара-
ларын қолданып, тұтынушылардың қаже-
тін зерттеп өтеуді барынша жақсарту ке-
рек.

Жергілікті партия, совет ұйымдары өз
активтерін кеңінен қатыстыру арқылы
сауда орындарының жұмысындағы кемші-
ліктерді батыл ашып, оны түзетудің шұ-
ғыл шараларын қолданып отыруға, кол-
хозшылармен сауданы мейлінше жақсар-
туға міндетті.

**Ф. КОРНЕВ,**

**аудандық жоспарлау комиссиясы-
ның председателі.**

6. В красивом селе, 5 февраля

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 25 (3100). СЕНБІ, 5 февраль 1955 жыл. Шыға бастағанына XVI жыл. Жеке саны 20 тиын.

## Көркейген селода

Жданов атындағы ауылшаруашылық артелінің орталығы Горный селосы (Марқакел ауданы) орналасқан жерде Ұлы Октябрь революциясына дейін небәрі оншақты көріксіз үйлер болатын. Ал қазір село орналасқан өңір адам танымастай болып өзгерді. Сәнді салынған үйлер пайда болды. Селоның шығыс жағынан ағатын Балақалжыр өзені де колхоздың керегіне жараған.

Село еңбекшілерінің әл-ауқаты мен мәдени дәрежесі үздіксіз өсуде. Бұл селода почта, аурухана, екі магазин бар. Селодағы мәдениет ошақтары көркейе түсуде. Мұндағы кітапхананың қоры үш мың дана томға жетті. Ол колхозшылардың ескелең рухани қажетін өтеуде маңызды роль атқаруда. Өткен жылы селода 300 адамдық клуб салынып, пайдалануға берілді.

Колхозшылардың балалары оқып, сапалы білім алуына толық жағдай жасалған. Қазір мұнда онжылдық мектеп бар. Ол жоғары білімі бар педагог кадрлармен нығайтылған. Мектептің жанынан қоғамдық интернат ұйымдастырылған. Онда алыс отар участоктеріндегі малшылардың 40-тан астам балалары оқыйды.

Артельдің экономикасы жыл сайын нығайып келеді. Бұл колхозшылардың мәдени-материалдық дәрежесін арттыра беруге мүмкіндік берүде. Өткен жылы артель басқармасы 40 мың сомға радио торабын салдырды. Әрбір колхозшының үйіне репродуктор орнатылды. Ол Отанымыздың астанасы Москвадан қуанышты хабар жеткізіп тұрады. Совет халқының бейбіт еңбекте қол жеткен табыстарын баяндап қуантады.

Жданов атындағы ауылшаруашылық артелінің кірісі быйыл көбейе түсті. Бұл кірістің едәуір бөлігі колхозшылардың рухани қажетін өтейтін мәдениет ошақтарын көркейтуге жұмсалды. Артель басқармасы үстіміздегі жылы кітапхана мен клубтың мәдени-материалдық базасын нығайтуға 70 мың сом қаржы бөлді.

Колхозшылар қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруда табысты болуда. Өткен жылы 200 бастық жаңа қора салынды. Бұл малды жақсы күйде ұстауға, олардың өнімділігін арттыруға негіз болуда. Артельде қажырлы еңбегімен қоғамдық мал басын көбейтуге үлес қосып келе жатқан колхозшылар көптеп саналады. Коммунист Карменов жолдас басқаратын жылқы фермасының малшылары өткен жылы табысты болды. Озат жылқышы Көксегенов жолдас өзінің қарауына берілген малдарды аман өсіруде. Бұл жылқышының табысы да мол.

Коммунист Раймханов жолдас басқаратын қой фермасының малшылары да мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра түсті. Раймханов жолдастың ферма меңгерушісі болғанына он жылдай уақыт болды. Ол осы мерзім ішінде мал өсірудің, оған күтім жасаудың пайдалы тәжрибелеріне молықты, өзінің мал өсірудегі тәжрибесін малшыларға үйретуге ұқыпты қарайды. Адал еңбек Раймханов жолдасты құрметке бөледі. Ол Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне экскурсияға барып, озат тәжрибе мектебінен көргендері мен үйренгендерін өз жұмыстарында қолдануда.

Бөкенбай мал отар участогіндегі қой фермасының қарт шопаны Адышев жолдас өткен ауылшаруашылық жылында айтарлықтай табысқа жетті. Ол қарауындағы 400 бас саулықтың әрбір жүзінен 117 қозыдан алды. Шопан бұл табысын молайта берудің шараларын қолдануда. Қажырлы еңбек көрікті тұрмыстың негізі. Мұны шопан Адышев жолдастың тұрмысынан айқын көруге болады. Оған аванс ретінде 16 центнер астық берілді.

Отарларда малшылардың тұтыну қажетін өтейтін 3 дүкен бар. Мұнда малшыларға керекті товарлар жеткілікті. Бөкенбай мал отар участогінде бастауыш мектеп істейді. Мектеп жанындағы интернатта 15 бала тұрады.

Горный селосының еңбекшілері Коммунистік партия мен Совет үкметінің аталық қамқорлығы арқасында бақытты тұрмысқа ие болғанын жақсы біледі. Сондықтан олар бұл қамқорлыққа бар күш-жігерлерін жұмсап, еңбекте көрнекті табысқа жетумен жауап беру үшін күресуде.

К. САДЫҚОВ,
Ә. МҰҚАМЖАРОВ.

7. Усть-Каменогорскую фельдшерско-акушерскую школу окончило 47 человек. Обеспечим качественное образование учащимся, 19 апреля

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

№ 77 (3152). СЕЙСЕНБІ, 19 апрель 1955 жыл. Шыға бастағанына XVII жыл. Бағасы 20 тиын.



Жақында Өскеменнің фельдшерлер-акушерлер мектебін 47 адам бітіріп шықты. Мектепті бітіргендердің көпшілігі облысымыздың тың және тыңайған жерлер игеретін аудандарына баруға тілек білдірді.

СУРЕТТЕ: мектепті бітірушілердің бір тобы.

Суретті түсірген И. Серенков.

# Оқушыларға сапалы білім берейік

Тарбағатай ауданында 27 мектеп бар. Оларда 200-ден астам мұғалімдер жастарға ғылымның әр саласынан сапалы білім беру жолында еңбек етуде. Ауданның бірқатар мектептерінде оқу-тәрбие жұмысы жақсарып, оқушылардың сабақ үлгіруі арта түсуде. Аудандағы Калинин атындағы жетіжылдық мектептің (директоры Нұрпеисов жолдас) мұғалімдер коллективі оқушылардың әрбір пәннен сапалы білім алуына жетісті. Класс жетекшілерінің, комсомол, пионер ұйымдарының жұмыстары оқушылардың жан-жақты, терең білім алуына негізделген.

Бұл мектептің мұғалімдері оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс жасап, мектеп тәрбиесін семья тәрбиесімен ұштастыруға ұқыпты қарайды. Осы мектептегі 150 оқушы түгелдей сабақ үлгіреді. Сабақтың теориялық негізін практикалық жұмыстармен тығыз ұштастырған тәжрибелі мұғалім Мұқанбаев жолдастың оқыту әдісін қолдану ойдағыдай ұйымдастырылады. Бұл мұғалім халық ағарту қызметінде отыз жылдан бері істеп келеді. Мұқанбаев жолдас сабақ беретін класта 20 оқушы оқиды, олардың барлығы әрбір пәнді толық үлгіріп келеді. Тәжрибелі мұғалім өзінің оқыту әдісін методикалық оқыту шеберлігі жетілмеген жас мұғалімдерге үйретуге ұқыпты қарайды. Осының нәтижесінде жас мұғалім Сагдуллина жолдас өзі беретін сабақты тартымды оқытатын болды, класындағы оқушылардың сабақты түгелдей үлгіруін қамтамасыз етті.

Мектеп дирекциясы мұғалімдердің жалпы білім дәрежесін арттырып отыруына, күнделікті сабақтарға толық әзірленіп келуіне тыянақты бақылау жасайды. Мұның өзі мектепте оқу-тәрбие жұмысының жақсара беруіне ықпал етті. Мектеп жанында қоғамдық интернат бар. Онда алыс отар участоктеріндегі малшылардың балалары тұрады. Олардың арасында тәлім-тәрбие жұмысы жолға қойылған.

Биылғы оқу жылының үшінші тоқсанында Сталин атындағы, Жаңатілеу мектептерінің мұғалімдер коллективтері оқушылардың әрбір пәнді толық үлгіруін қамтамасыз етті, бұрынғы сабақ үлгірмеген оқушылар алдыңғы қатарлыларға теңелді. Мұғалімдер өтілген материалдарды оқушылардың қаншалықты ұққанына көңіл бөліп отырады.

Алайда, бірқатар мектептерде оқу-тәрбие жұмысы нашар болуда. Мәселен, Жаңа ауыл жетіжылдық мектебінде оқитын 130 оқушыдан 30 оқушы сабақ үлгірмейді. Мектептің кейбір мұғалімдері өздері беретін пәндерді тартымды оқытпайды, сабақ үстінде көрнекі құралдарды нақты пайдалануға жете мән бермейді. Мұның өзі оқу-тәрбие жұмысының нашар болуына әкеліп соқты. Мектеп директоры Айтмұханов жолдас мұғалімдердің жұмысына тыянақты бақылау жасамайды, мұны пайдаланған кейбір мұғалімдер сабақты класта аз түсіндіріп, оның есесін үйге тапсырманы көп беру арқылы толтыруды әдетке айналдырған. Әрине, мұндай жағдайда оқушылар жаңа сабақты толық түсіне алмайды.

Біздің оқушылар білімді, мәдениетті, кішіпейіл болуы тиіс. Олардың осы қасиеттерді меңгеруі үшін тәлім-тәрбие жұмысын барынша жақсарту керек. Алайда, Ақжар орта мектебінің мұғалімдер коллективі оқушылар арасында тәлім-тәрбие жұмысын жүргізуге белсенді қатыспайды. Олардың кейбіреулері тиісті сабағын бергеннен кейін мектепте жүргізілетін қоғамдық жұмыстарға қатысудан өздерін аулақ ұстайды. Осының салдарынан бұл мектепте кейбір оқушылардың жағымсыз қылықтарға бой уруына, сабақты үлгірмеушілікке жол беріледі. Мектеп директоры Исқақов жолдас оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктерді түзетуге ешқандай шара қолданбады.

Мектеп дирекциясы мен мұғалімдер коллективі оқу-тәрбие жұмысындағы бұл елеулі кемшіліктерді түзетудің шұғыл шараларын қолданып, оқушылардың сапалы білім алуын, емтиханға толық әзірлікпен келуін қамтамасыз етуге міндетті. Емтихан мұғалімдердің бүкіл жыл бойындағы жұмысына қорытынды жасайды, оқушылардың алған білімін анықтайды. Әрбір мұғалім осы бастан өтілген материалдарды пысықтау жұмысын ұдайы жүргізіп, консультациялар, қосымша сабақтар ұйымдастырып отыруға тиіс.

Жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарын да ерте қолға алу керек. Біздің ауданда 18 мектеп күрделі жөндеуден, ал басқа мектептер жай жөндеуден өткізіледі.

Оқу жылын табыспен аяқтап, орта мектеп бітіретін оқушылардың мамандық таңдап алуына, өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірісіне жұмысқа баруына көмектесу мектеп дирекциясының, комсомол ұйымдарының, мұғалімдер коллективінің абройлы борышы.

**Ш. МАЛДЫБАЕВ.**

**Тарбағатай ауданының оқу бөлімінің меңгерушісі.**

9. Счастливая семья, 1 мая




БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

№ (3161). ЖЕКСЕНБІ, 1 май 1955 жыл. Шыға бастағанына XVII жыл. Бағасы 20 тиын.




## Бақытты семья

Көктем! Ол жыл сайын жадырап, ерекше сый, құрмет, сәнмен келеді. Бүгін ұлан-байтақ Отанымызда Ұлы мереке. Ол адамзат көктемінің жарқын мерекесі—Бірінші Май.

Мерекелі күн бейнесі жел тербеткен жібек тулардан да, оркестрдің екпіндете тартқан күйінен де, Отанымыздың сәнді өмірін асқақтата жыр еткен әуезді әннен де айқын көрініп, көңіл күйін алысқа самғатады. Бақыт құшағына бөленген совет адамы Бірінші Май күні өзінің шат тұрмысын, ел байлығын, Отан даңқын мейрлене мақтан етеді.

Әрбір совет азаматы бейбіт еңбегі не нәрсеге арналып жатқанын айқын біледі. Ол өзінің бейбітшілік күрескері екенін, коммунизм құрылысшысы екенін терең түсінеді. Алыстағысын адаспай болжайтын, табысқа тура бастайтын туысқан Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегіне берік топтасқан совет адамдары өзінің жарқын болашағы—коммунизм үшін жанаямай еңбек етеді, барлық күшін, өнерін, ақыл-ойын игі мақсатқа арнайды, еңбек—ерліктің мектебі, бақытты тұрмыстың негізі деп біледі.

Ерлік еңбекпен бақытты тұрмыс жасап жатқан металлургтер мен кеншілердің, колхозшылардың Бірінші Майға тарту етер табыстары бар. Сол табыстар күн сайын молайып, тұрмыс көркейе бермек. Осы қарапайым адамдардың бірі—металлург Жұмағали Үмбетов те Бірінші Майды еңбек табысымен қарсы алды. Оның түсті металлургия өнеркәсібінде жұмыс істегеніне 15 жыл болды. Бұл жылдардың бәрі де еңбек табысына толы.

Магнитогорск металлургтерімен бірге сегіз жыл бойы еңбек ету Жұмағалидің бұдан былай да үздіксіз табысқа жетіп отыруына негіз болды. Пайдалы тәжрибеге бай металлург Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының балқыту цехында істейді. Ол үнемі еңбек пен ерліктің тамаша үлгісін көрсетіп келеді. Бұл металлургтің бір өзі екі адамның жұмысын атқарады, екі норма орындайды. Бұл үлгі аларлық, үйренуге тұрарлық дәстүр емес пе! Жұмағалидің қорғасын-мырыш комбинатында жұмыс істегеніне 7 жыл болды. Ақылшы аға—орыс жұмысшыларынан көп үйренген металлург өз тәжрибесін үнемі ортаға салады, басқаларға үйретеді.

Озат металлург бар іскерлігін сарқа пайдаланып, Отанымызға сапалы мырыш беруге ерекше ынталы. Бұл оны көпшілік алдында абройлы етті. Қайратын қарыштап жұмсаған металлургтің еңбегі жанды, тұрмысы көркейе түсті. Ай сайын алатын 1500 сом Жұмағалидің үй тұрмысын көрікті етті, жас өспірім балаларын мәпелеп өсіруге, оларға не қажеттің бәрін жасауға мүмкіндік берді.

—Жас ұландар біздің ізгі мақсатымызды іске асырушы, коммунизмнің белсенді құрылысшысы. Оларда тың жатқан өнер бар, сол өнер толық іске қосылғанда халық дәулеті, Отан даңқы арта түспек. Осы ой мені еселі еңбекке жұмылдыруда,—дейді Жұмағали.

Өрімдей өсіп келе жатқан Жұмағалидің балалары ешнәрсеге мұқтаж емес. Үлкен ұлы Ғаббас велосипед тепсе, Райс өзінің үлкен ойыншық машинасымен ойнайды. Мейрімді ана Зұлхиза балаларының қызығына сүйсіне қарап, іс машинасымен оларға киім тігеді. Жұмыстан бос уақытында Жұмағали «Рекорд» радиоқабылдағышының реостатын бұрап қойып, еліміздің түкпір-түкпірінен, Отанымыздың астанасы—Москвадан және Алматыдан жаңалық хабарлар тыңдайды, газет-журналдар оқиды.

Бақытты семья деген осы.

А. ТЕМІРБАЕВ.

10. Преимущества весеннего посева, 13 мая



БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

№ 94 (3169). ЖҰМА, 13 май 1955 жыл.



КӨКТЕМ ЕГІСІНІҢ ОЗАТТАРЫ. Ярославский МТС-інің И. С. Мухин жолдас басқаратын трактор бригадасы Киров ауданының «Заветы Ильича» колхозында жұмыс істеді. Механизаторлар егіс бригадасымен тығыз байланыс жасай отырып машиналардың өнімділігін арттырды, жер өңдеу және тұқым себу жұмыстарын сапалы жүргізді. Ерте егілетін жаздық дақылдарды егуді 9 майда 103 процент орындады. Қазір тракторшылар жүгері мен картоп егуге кірісті.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) бірінші қатарда—тракторшы И. С. Мухин, ас пісіруші Б. Жөкенова, тіркеушілер Т. Қондыбаев, С. Шуашпаев, сеялкашы К. Мишелев, бригадир П. С. Мухин, екінші қатарда—май құюшы Т. Кенжетаев, есепші А. Чепурнов, жанармай тасушы Г. Машекенов, тракторшылар З. Алимов, В. Коротин.

Суретті түсірген В. Смирнов.

11. Последний звонок.

Потребности колхозников должны быть удовлетворены полностью, 22 мая



БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

(3175). ЖЕКСЕНБІ, 22 май 1955 жыл. Шыға бастағанына XVII жыл. Бағасы 20 тыйын.



# Соңғы қоңырау

19 майда Өскеменнің № 30 мектебінің 130 оқушысы соңғы сабаққа жыйналды. Кәмелеттік аттестатқа емтихан тапсыру алдында мұғалімдердің соңғы кеңестерін тыңдау үшін олар мектептің кең залында сап түзді.

10 «в» класының оқушысы Э. Тулиндинова оқушылардың атынан мектептің педагогикалық коллективіне алғыс айтып, емтиханды ойдағыдай тапсырып шығу үшін барлық күштерін жұмсайтындығын айтты.

Мектеп директорының құттықтау сөзінен кейін бірінші класс оқушысы Қлара Жансеитова салтанатты жағдайда залдың ортасына шығып, 10-шы кластың оқушыларына арнап соңғы қоңырау соқты. Бірінші класс оқушылары мектепті бітіретіндерге жас гүлдер букеттерін берді.

СУРЕТТЕ: № 30 мектептің бірінші класс оқушысы К. Жансеитова соңғы қоңырау соғып тұр.

**Суретті түсірген Ю. Попов.**

# Колхозшылардың қажеті толық өтелсін

Ұлан ауданының еңбекшілері январь
Пленумы алға қойған міндеттерді мүлтік-
сіз жүзеге асыру жолында қажырлылық-
пен еңбек етуде. Олардың тұтыну қажетін
күнделікті нақты өтеу сауда орындарының
алдындағы маңызды міндет. Аудандық
тұтынушылар қоғамы колхозшылар мен
малшыларға бірінші қажетті товар-
лар жеткізуде едәуір жұмыстар іс-
теді. Колхозшылардың тұтыну қажетін
өтеуді жақсартуда маңызды роль атқара-
тын сауда орындарын көбейтуге көңіл бө-
лінуде. Өткен жылы жаңадан 5 сауда дү-
кені ұйымдастырылды. Олар Молотов
атындағы, «Қызыл ту» колхоздарының
колхозшылары мен малшыларының қаже-
тін өтейді. Кәзір аудан бойынша колхоздар
мен МТС-тер жанында 35 сауда орны жұ-
мыс істейді.

. Сауда орындарына тұтынуға қажетті то-
варларды үздіксіз жеткізіп отыру товар
айналымы жоспарының асыра орындалуы-
на жеткізуде. Аудан бойынша үстіміздегі
жылдың бірінші тоқсанында товар айна-
лымының жоспары 146 процент орындал-
ды. Сатушылар арасында сауданы талапқа
сай ұйымдастыру, оның мәдениетін артты-
ру жарысы өрістетілді. Ленин атындағы
ауылшаруашылық артеліндегі дүкеннің
сатушысы коммунист Гирдо бірінші тоқ-
санның товар айналымы жоспарын 160
процент, Молотов атындағы колхоздағы
дүкеннің сатушысы Езербаев жолдас 160,2
процент, Жамбыл атындағы колхоздың са-
тушысы Сайдулаев жолдас 142 процент
етіп орындады. Бұл сатушылар колхозшы-
лармен тығыз байланыс жасап, олардың
қажетін өтеуге ұқыпты қарайды. Осы озат
сатушылар ай сайын жоспар бойынша 50
мың сомның товары орнына 63-98 мың
сомның товарларын сатады, қыдырма сау-
да ұйымдастырып, фермалардағы малшы-
лардың қажеті өтеліп отырады.

Алайда, аудан сауда орындарының жұ-
мысында әлі елеулі кемшіліктер бар еке-
нін тура айту керек. Тұтынушылардың
қажетін зерттеу, өтеу нақтылы ұйымдас-
тырылмайды. Кейбір колхоз орталықта-
рындағы дүкендерде тұтынуға қажетті то-
варлардың болмай қалу фактілері кездесе-
ді. Кейбір сатушылар сауданы ұйымдасты-
рудағы міндеттерін атқаруға жауапкершi-
лікпен қарамайды. Молотов атындағы кол-
хоздың екінші өндіріс бригадасындағы
дүкеннің сатушысы Мұқатаев, Ленин
атындағы колхоздың екінші бригадасын-
дағы сатушы Райымбекова, Калинин атын-
дағы колхоздағы дүкеннің сатушысы Құ-
қымов жолдастар сауданы талапқа сай
ұйымдастырмайды, дүкендер көбіне жабық
тұрады. Бұл сатушылар колхозшыларға
қажетті товарларды жеткізіп отыруға мән
бермейді. Бұл кемшілік товар айналымы-
ның жоспары ай сайын небәрі 68-75 про-
цент орындалуына әкеліп соқты.

Алыс отар участоктеріндегі малшылар-
дың қажетін өтеу үлкен олқылықта. Кей-
бір участоктерде малшылардың қажетін
өтейтін дүкен ұйымдастырылмаған. Аудан-
дық тұтынушылар қоғамы малшылардың
қажетін өтеудегі кемшіліктерді түзетуге
нақтылы шара қолданбайды. «Победа» жә-
не Жамбыл атындағы колхоздардың мал-
шыларының қажетін өтеу әлі күнге дейін
нашар болып қалуда. Сауда орындарынан
күнделікті тұтынуға қажетті қант, шай
және керосин сияқты қажетті заттардың
болмай қалуы кездесіп тұрады. Аудандық
тұтынушылар қоғамының басшылары Ти-
личенко, Тойбазаров жолдастар сатушы-
лардың жұмысын колхозшылардың қаже-
тін өтеуге бағыттап отырмайды.

Кәзір колхозшылар мен механизаторлар
көктемгі егісті агротехникалы жоғары дә-
режеде өткізу үшін күресуде. Бірақ аудан-
дық тұтынушылар одағы қыдырма сауда
ұйымдастырып, егіншілердің тұтыну қа-
жетін өтеуді, оларға көпшілік қолды то-
варлар жеткізуді ұйымдастырмады. Тұты-
нушылар қоғамы көктемгі егіс кезінде қос
басында сауда жасайтын 27 көшпелі сауда
ұйымдастыруды белгілеген болатын. Бірақ
бұл іс жүзінде орындалмады. Куйбышев
атынағы артельдің сатушысы Ақтанов,
Маленков атындағы колхоздың сатушысы
Байжұминов жолдастар әлі күнге дейін
қос басында болып сауда ұйымдастырған
жоқ.

Кейбір сатушылар келген товарларды
өздерінің тамыр-таныстарына жасырып са-
туды әдетке айналдырған. Ленинка село-
сындағы сатушы Зайцев, Амангелді атын-
дағы колхоздағы дүкеннің сатушысы Аб-
дильманов жолдастардың тарапынан совет-
тік сауда принципін бұрмалаушылық фак-
тілері жиі кездесті. Бұл сатушылар товар-
лардың мемлекеттік бағасына үстеп баға
қойып, тұтынушылардың есебінен пайда
түсіруді көздеп, сұғанақтыққа салынған.

Пайшылар өкілдерінің таяуда болған ау-
дандық жыйналысында сауда орындарының
жұмысындағы кемшіліктер батыл сынға
алынды. Онда колхоздардың талап-тілекте-
рін нақтылы зерттеп білмеудің салдарынан
сауда орындарына товарларды бөлу жос-
парсыз жүргізілетіні көрсетілді. Колхозшы-
лардың қажетін өтеу ісіндегі кемшіліктерді
шұғыл түзетіп, товар айналымын ұлғайту-
дың барлық шараларын қолдану керек. Бұл
колхозшылардың қажетін өтеудің маңызды
шарты болып табылады.

**К. РАИСОВ.**

13. В каждом колхозе есть детские ясли, 24 июня

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

№ 123 (3198) | ЖҰМА, 24 июнь 1955 жыл. | Шыға бастағанына XVII жыл. Бағасы 20 тиын.

## ӘРБІР КОЛХОЗДА БАЛАЛАР ЯСЛИІ БАР

ОРАЛ, (ҚазТАГ). Камен ауданының талин атындағы колхозында балалар слиі ашылды. Бөрлі ауданының Киров тындағы және Буденный атындағы колхоздарында типтік жобалар бойынша жаңа слилер ұйымдастырылды. Тәрбиешілер ен күтушілер арнаулы семинарларда аярлықтан өтті.

Батыс Қазақстанның колхоздарында кәзіргі кезде 100-ге жуық балалар яслиі жұмыс істейді. Егін жыйнау басталғанға ейін олардың саны екі есе көбейеді. Әрбір олхозшы әйел-ана қоғамдық өндіріске қатысуға мүмкіндік алады.

ГЕОРГИЕВКА, (Жамбыл облысы), (ҚазТАГ). Қордай ауданы колхоздарының егіс аласында қызу кезең басталды. Жаздық ақылдар соңғы рет суарылуда, бағбандар жеміс жыйнауға әзірленіп жатыр, жібек құртын бірінші рет жемдеп шығару аяқталып келеді, темекіні, коноплянi, кенепті күту жұмыстары өрістеді. «Искра Ленина» уылшаруашылық артелінің колхозшылары барлық жұмысты комплексті жүргізеді. Арнаулы бригада Жайсан участогінде жемшөп дайындауда. Мұнда балалардың маусымдық слиі ашылды. Колхозшы әйелдер шөп шабу жұмысына қатысуға мүмкіндік алды.

Қордай ауданының барлық селолары мен ауылдарында балалар яслиі ұйымдастырылды. Ал Буденный атындағы, Сталин атындағы, Роза Люксембург атындағы және басқа колхоздарда әрбір егіс бригадасында жаз кезінде жұмыс істейтін балалар яслиі құрылды.

14.  Спартакиада учащихся школ.
Улучшим материальную базу торговых мест, 26 июня



БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

№ 125 (3200) ЖЕКСЕНБІ, 26 июнь 1955 жыл. Шыға бастағанына XVII жыл. Бағасы 20 тиын.



## Мектеп оқушыларының спартакиадасы

Таяуда Никитинка селосында (Ұлан ауданы) мектеп оқушыларының спартакиадасы өткізілді. Оған бес орта мектептің оқушы спортшылары қатысты. Жас физкультурашылар өздерінің өнерлерін көрсетті. Спортшылар жарысы қызу тартыс үстінде өткізілді.

Мектеп спортшыларының алғашқы күнгі жарысында Тарғын орта мектебінің жас спортшылары жүз, төрт жүз, біржарым мың метрге жүгіруден, биіктікке, ұзындыққа секіруден бірінші орынға ие болды. Бұл мектептің оқушылары спорттық жақсы жаттыққандарын көрсетті.

Велосипедшілер жарысында Жамбыл атындағы орта мектептің спортшысы М. Махмұтов бірінші орынға, Киров атындағы орта мектептің оқушысы М. Сембаев екінші орынға ие болды.

Алайда, волейбол жарысы ойдағыдай өтпеді. Алаңда Тарғын орта мектебі мен Киров орта мектебінің жас волейболшылары кездесті. Бірақ жарыс нәтижесі дұрыс анықталмады. Оның себебі мектеп спортшылары жарысына төрелік еткен Тарғын орта мектебінің физкультурадан сабақ берушісі Барчанинов жолдас көбіне өз мектебінің намысын қорғауға тырысты. Сөйтіп, волейболдан өткізілген жарыс ойдағыдай болмады.

К. БАЛТАБАЕВ.

# Сауда орындарының материалдық базасын нығайта берейік

Коммунистік партия мен Совет үкметі еңбекшілердің үздіксіз өсіп отырған материалдық және мәдени қажеттерін қанағаттандыра өтеуге ұдайы қамқорлық жасап келеді. Көпшілік қолды товарлар өндіретін кәсіпорындар ұлғайтылып, оларда шығарылатын өнімдердің түрлері көбейтіліп, сапасы жақсартылуда. Бұл сауда орындарында товар айналымын барынша ұлғайтуға, тұтынушылардың қажеттерін ойдағыдай өтеуге мүмкіндік беруде.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында отандық техчикамен жабдықталған сауда орындарын көбейту өнеркәсіп және азық-түлік товарларын тұтынушыларға неғұрлым жылдам өткізуге жағдай жасайды деп көрсетілген. Міне, сондықтан совет саудасын барынша кең өрістетіп, жетілдіре беру—сауда қызметкерлерінің маңызды міндеті.

Шығыс Қазақстан облысында да сауда жүйесі жыл сайын көбейтіліп, жұмысшылар мен колхозшыларға бірінші қажетті товарлар жеткізу ісі жақсара түсуде. Бөлшек саудада товар айналымы ұлғая түсуде. 1954 жылы облыс еңбекшілеріне 1950 жылмен салыстырғанда товар екі есе көп сатылды. Бұл еңбекшілердің сатып алушылық қабілеті мен тұтыну талабының үздіксіз өсіп отырғандығын дәлелдейді. Еңбекшілердің қажетін өтеуді жақсарта беру үшін сауда орындарының материалдық-техникалық базасын нығайта беру керек.

Бұл жөнінде біраз табыстарға қол жетті. Облыс бойынша соңғы бес жыл ішінде 70 азық-түлік магазині, өнеркәсіп товарларын сататын 74 магазин және аралас товарлар сататын 45 магазин салынып, пайдалануға берілді. Осы мерзім ішінде 176 киоск пен дүкен салынды. Көпшілік тамақтану орындары жүйесіне 24 асхана мен шайхана қосылды.

...шебәрі 50—60 процентін игеруде. Осының салдарынан өткен жылы сауда орындарын салуға бөлінген қаржының 689 мың сомы игерілмей қалды, салынуға тиісті екі магазин мен картоп сақтайтын орынның құрылысы жүргізілмеді.

Қалалық аралас сауда мекемесінің қарамағында жөндеуші-құрылысшылар бар. Бірақ сол жұмысшылардың еңбегін ұйымдастыру мүлде нашар болып отыр. Мұны қаладағы универмаг үйінің бір жылдан астам уақыт бойы жөнделіп, оның әлі бітпегенімен дәлелдеуге болады. Сауда орындарын жөндеуге қажетті құрылыс материалдары күні бұрын дайындалмайды. Бұл кемшіліктерді шұғыл түзетіп, сауданы қала еңбекшілерінің тілегіне сай ұйымдастыру керек.

Лениногор қалалық аралас сауда мекемесінің директоры Қарсақбаев жолдас сауда орындарының жұмысына басшылық етуден тысқары қалған. Мұнда соңғы екі жыл бойы бір де сауда орны жаңадан салынып, пайдалануға берілген жоқ. Бөлінген қаражат тиісті мақсатқа жұмсалмай қалуда.

Зырян комбинаты мен тресттің басшылары азық-түлік және жұмысшыларды жабдықтау бөлімдерінің сауда жүйесін кеңейтуге нақты қамқорлық жасамайды. Осының салдарынан пайдалануға берілуге тиісті сауда орындары құрылыстары жүргізілмей отыр.

Тұтынушылар кооперациясының сауда орындары ауыл-село еңбекшілерінің, отар участоктеріндегі малшылардың тұтыну қажетін үздіксіз өтеп отыруға, сауданы жақсы ұйымдастыруға міндетті. Бірақ көптеген тұтынушылар кооперациясы сауда орындарын жаңадан салу ісіне жете көңіл бөлмей келеді. Колхозшылар мен механизаторлардың, совхоз жұмысшыларының қажетті товарлар мен азық-түлік жөніндегі тілектерін өтеуде елеулі кемшілік кездеседі.

орындары жүйесіне 24 асхана мен шайхана қосылды.

Партия, совет ұйымдары мен сауда орындары нақты басшылық еткен жерлерде сауда және көпшілік тамақтану орындарын жаңадан салып, пайдалануға беру еңбекшілердің тұтыну қажетін өтеуді жақсартуға жеткізуде. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының азық-түлік жабдықтау бөлімі соңғы жылдары біріншісі 150 адамдық, екіншісі 125 адамдық екі асхана мен үш магазинді пайдалануға алды. Бұл металлургтердің тұрмыстық қажеттерін өтеуде маңызды роль атқаруда.

Ертіс полиметалл комбинаты азық-түлік жабдықтау бөлімінің сауда және көпшілік тамақтану орындары да жыл сайын көбейіп келеді. Мұнда екі магазин және әрқайсысында бір мезгілде жүз адам тамақтанатын үш асхана салынды. Жаңадан салынған сауда орындары қазіргі жабдықтармен толықтырылған, олар тұтынушыларға қолайлы және товарларды дұрыс сақтауға толық сай келеді.

Сауда орындарын типтік жоба бойынша салуға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл сауданың мәдениетін арттыруға, санитариялық-тазалықты сақтауға мүмкіндік береді. Лениногор полиметалл комбинаты азық-түлік жабдықтау бөлімінің фабрика-кухнясының құрылысы өзгертіліп, қайта жабдықталды. Қала орталығынан 15 орыннан сауда жүргізілетін өнеркәсіп товарлар магазині ашылды. Сол сияқты сауда орындарының склад шаруашылығын жақсарту жұмысы ойдағыдай жүргізілуде. Мысалы, «Зыряновскстрой» тресінің жұмысшыларды жабдықтау бөлімі үшін жаңа база жасады.

Тұтынушылар кооперациясының және жұмысшыларды жабдықтау бөлімдерінің жанында тоңазытқыш қойма салу, өнеркәсіп және азық-түлік товарлары, тігулі киімдер мен мебельдер, балалар киімдері өз алдына бөлек сатылатын сауда орындарын салу қазіргі маңызды міндеттердің бірінен саналады. Сауда орындарының басшылары бұл міндетті орындауды қамтамасыз етуге міндетті.

Алайда, сауда орындарын жаңадан салу, оның материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстарындағы елеулі кемшіліктер әлі күнге дейін түзетілген жоқ. Сауда орындарын жаңадан салу жұмыстары бірқатар жерлерде қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отыр. Бұл кемшілік Өскемен қалалық аралас сауда мекемесінің жұмысынан орын алған. Бұл сауда ұйымы соңғы үш жыл бойы жаңадан магазиндер мен қоймалар, овощь сақтайтын орындар салуға бөлінген қаржының

...ді.

Облыстық тұтынушылар одағының басқармасы аудандық тұтынушылар одақтарының жұмысына басшылықты нашарлатқан. Соның салдарынан селода сауда орындарын жаңадан салуға бөлінген 3.242 мың сом мемлекет қаржысының жармысына таяуы өткен жылы игерілмей қалды. Кейбір аудандық тұтынушылар одағы, атап айтқанда Шемонаиха аудандық тұтынушылар одағы өткен жылы алты сауда орынын жаңадан салып, пайдалануға беруге тиісті болса, одан небәрі екі сауда орыны салынды. Міне, бұл аудандық тұтынушылар одағы басшыларының икемсіздігін көрсетеді.

Бірқатар сауда орындарының қоймалары товарларды дұрыс сақтау талабына сай келмейді. Сол сияқты тоңазытқыш жабдықтарын пайдалану нашар ұйымдастырылып келеді. Облыс сауда орындарында тоңазытқышты ұйымдастыру 5 есе өсті. Бірақ тоңазытқыш жабдықтарын пайдалануы жақсармай қалуда. Мысалы, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының азық-түлік жабдықтау бөлімінің қарамағында мол, қуатты үш компрессор бар. Бірақ оларды пайдалану әлі қамтамасыз етілген жоқ. Жабдықтау бөлімінің бастығы Брусенцов жолдас сауданы ұйымдастырудағы кемшіліктерге төзіп отыр.

Сауда орындары тұтыну товарларын өндіретін кәсіпорындарға талапты барынша күшейтіп, олардың жергілікті шикізат қорын пайдаланып, өнімнің түр-түрін мол шығаруына, сапасын жақсартуына ықпал етіп отыруға міндетті. Бірақ кейбір кәсіпорындар сауда орындарының жұмысын жеңілдететін жабдықтар шығаруды меңгере алмай келеді. Магазиндер мен асханаларда механизмдерді пайдалану ойдағыдай емес.

Ең кемінде үш адам сауда жасайтын магазиндерде, тәртіп бойынша, арнаулы кассир болуы керек. Бірақ бірқатар сауда орындарында кассирлер басқа жұмысқа пайдаланылып, кассалық аппараттың бос тұруына жол беріліп жүр. Мысалы, Өскемен қалалық аралас сауда мекемесінің № 1, 2, 3 магазиндерінде, «Алтайсвинецстрой» тресінің жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің № 1 магазинінде осындай кемшіліктер кездесті.

Еңбекшілердің сауда орындарына қойып отырған талаптарын орындауды жақсарту, жаңадан сауда орындарын салуды өрістету —партия, совет ұйымдары мен сауда орындарының міндеті.

**Т. ОМАРОВ.**

**Облыстық сауда бөлімінің меңгерушісі**

15. Буду улучшать торговлю. Книжный рынок.
Необходимо доставлять больше книг в село, 25 июня

БИБЛИОТ... имени А. С. Пу...

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 124 (3199). СЕНБІ, 25 июнь 1955 жыл. Шыға бастағанына XVII жыл. Бағасы 20 тыйын.

## Сауданы жақсарта беремін

Мен Зайсан ауданының Благодарнен сельпосына қарайтын дүкенде сатушы болып істеймін. Бұл дүкен Абай атындағы ауылшаруашылық артелі колхозшыларының кажетін өтейді. Тұтынушылармен тығыз байланыс жасап, оларға бірінші кажетті товарларді жеткізуді быйылғы жылы едәуір жақсарттым.

Колхозшылардың тұтыну талабы үздіксіз өсуде. Оны мынадан көруге болады. Үстіміздегі жылдың бірінші токсанында 100 колхозшы бағалы товарлар мен іс машиналарын, бала велосипедтерін сұрап заявка берді. Мен тұтынушылардың бұл сұраған товарларын жеткізіп бердім. Осының нәтижесінде соңғы айларда 100 мың сомның әртүрлі товарлары сатылды. Колхозшылар Ушаков, Нұғыманов, Орынбаев жарты жыл ішінде мыңдаған сомның товарларын — жақсы кравать, іс машиналарын сатып алды.

Алайда, колхозшылардың кажетін өтеу ісінде әлі кемшіліктер бар. Благодарнен сельпосының басшылары колхозшылар қажет еткен товарларды кезінде жеткізіп отырмайды. Колхозшылардың кітапқа, оның ішінде көркем әдебиетке деген талабы барған сайын арта түсуде. Бірақ біздің дүкенге кітаптар жіберілмейді. Сельпо басшылары бұл кемшіліктерді түзетіп, дүкенге товар бөлу, жеткізуді жақсартуы керек.

Мен тұтынушылардың кажетін өртеп өтеудегі міндетімді бұдан былай да жақсы атқарамын. Сауданы ұйымдастыруды жетілдіріп, іскерлігімді арттыра беремін.

**С. ЕЛЕУОВ.**
Сатушы.

## Кітап базары

«Казкнижторгтың» облыстық кітап саудасы мекемесі бұқараның кітапқа деген қажетін өтеу мақсатымен аудандар мен калаларда июнь айының 26—28 күндері кітап саудасы базарын ұйымдастырады.

Бұл күндері қаланың Защита станциясында, Жамбыл атындағы паркте, қорғасын-мырыш комбинатының қақпасының жанында және № 21 магазиннің жанында кітап базары жұмыс істейді. Кітап базарларында қоғамдық-саяси, ғылми-техникалық, ауылшаруашылық мәселелері жөніндегі және көркем әдебиеттер сатылады.

Кітап базарын ұйымдастыру жұмысына қоғамдық тапсырма орындаушы 100-ге тарта адам катысады. Өскемен қаласында ұйымдастырылатын кітап базарын өткізуге 25 адам катысады. Олар кітаптардың маңызы мен пайдасы туралы шолулар жасап, түсініктер береді.

Кітап саудасы базарын ұйымдастыруға қорғасын-мырыш комбинатынан Кузнецов, қалалық оку бөлімінің меңгерушісі Поветин, облыстық А. С. Пушкин атындағы кітапхана директоры Смирнова жолдастар катысады.

# Кітап селоға көп жеткізілсін

Коммунистік партия мен Совет үкметі социалистік ауыр өнеркәсіпті өркендету негізінде ауыл шаруашылығын өрге бастыру міндетін алға қойып отыр. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін шаруашылықтың барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру керек. Жұмысшылар мен колхозшылар, инженер мен техниктер, агрономдар мен зоотехниктер өздері істейтін участоктерде таб'ысқа жетудің жаңа резервтерін ашып, оны іске қосып отыруға міндетті. Совет адамдарының еңбекте табысты болуына, олардың мамандықтарын арттыруына сай келетін кітаптар маңызды роль атқарады. Сондықтан әрбір адам кітапты өзінің көмекшісі деп бағалайды.

Соңғы жылдары облысымызда кітап саудасын ұйымдастыру, марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері мен көркем әдебиеттерді ауыл-село еңбекшілеріне жеткізу ісі біраз жақсарды. Кітап сатылатын киоскалар мен магазиндер көбейтіліп келеді. Кітаптарды арнаулы реклама арқылы насихаттау жақсарды. Бұл кітап оқушылар қатарын жыл сайын көбейтуге, олардың рухани тілегін ойдағыдай өтеуге жеткізуде.

Облыстық кітап саудасы мекемесінің жергілікті бөлімшелері арқылы ауыл-село еңбекшілеріне быйылғы жылдың бес айында марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары өткен жылдың осы мерзіміндегімен салыстырғанда едәуір көп жеткізілді. Кітап саудасы мекемесі бұқараға кітап таратудың жоспарын май айында 105 процент орындады. Мәдениеті үдіксіз өсіп отырған селолық жерлердегі кітап оқушылар жаңа кітаптарды күтіп отырады. Олардың бұл қажетін үдігі өтеу кітап магазиндері сатушыларының абройлы міндеті. Мұны жақсы түсінген Бұхтарма ауданы орталығындағы магазиннің сатушысы Афанасьева жолдас колхозшыларға кітап жеткізудің жоспарын өткен айда 157,4 процент, Белоусовка руднигіндегі кітап магазинінің сатушысы Решетников 120,9 процент орындады. Бұл сатушылар осындай жоғары көрсеткіштерге әдебиеттердің мазмұнын кеңінен насихаттау, радио арқылы жаңа кітаптарды ұсыну, рекламаны кеңінен пайдалану, кітап базарын ұйымдастыру арқылы жетті.

Лениногор қаласындағы магазиннің сатушысы Фишман жолдас кітап таратудың жоспарын үнемі асыра орындайды. Бұл сатушы көпшіліктің керекті кітап жөніндегі сұрауларын жазатын арнаулы кітапша ұйымдастырған. Сатушы көпшіліктің сұраған кітаптарын тауып беруге қамқорлық жасайды.

Алайда, кітапты бұқараға жеткізу ісінде елеулі кемшіліктер бар. Облыстық кітап саудасы мекемесі, оның директоры Фанзов жолдас жаңа келген кітаптарды аудандарда тұратын халықтардың құрамын ескере отырып бөлуге нақты басшылық етпейді, аудандардың шаруашылық ерекшеліктері ескерілмейді. Осының салдарынан ауыл-село еңбекшілеріне кітап таратудың жоспары кейде орындалмай қалады. Кітаптардың қоймада жатып қалуына жол беріледі.

Облыстық кітап саудасы мекемесінің басшылары жергілікті жерлердегі кітап магазиндері сатушыларының сұрауларында көрсетілген кітаптар мен анықтама құралдарды, плакаттарды тауып беруге қамқорлық жасамайды. Мысалы, Верхуба ауданы орталығындағы кітап магазинінің сатушысы Редькина жолдастың заявкасында «Жүгеріге жол берілсін» деген плакаттың 100 данасын жіберу сұралған.Алайда, бұл сатушының тілегі толық қанағаттандырылмаған. Міне бұл облыстық кітап саудасы мекемесіндегілердің еңбекшілердің кітап жөніндегі тілектерін өтеуге нақты көңіл бөлмейтіндігін дәлелдейді.

Ауыл-село еңбекшілеріне әдебиеттерді неғұрлым көп тарату үшін олардың кітап керексінуін үнемі зерттеп отыру — сауда қызметкерлерінің міндеті. Кітап сату жұмысына тәжрибелі, қаблетті адамдарды қою керек. Кітап саудасының мәдениетін барынша арттыру — кітап оқушылар қатарын көбейтуге қолайлы әсерін тигізеді. Кітап тарату жұмысын идеологиялық маңызды іс деп бағалау керек.

Бірақ орысшадан қазақшаға аударылған әдебиеттерді сатуды ұйымдастыру бірқатар аудандарда қанағаттанғысыз болып қалуда. Әсіресе, Тарбағатай ауданының еңбекшілеріне орысшадан қазақшаға аударылған әдебиеттерді жеткізу қанағаттанғысыз болып отыр. Бұл ауданда күні бүгінге дейін кітап магазині ұйымдастырылмаған. Міне осындай кемшіліктердің салдарынан Г. Николаеваның қазақшаға аударылған «Орақ үстінде», А. Твардовскийдің «Василий Теркин», М. Пришвиннің балаларға арналған «Күн қоймасы» кітаптары қоймада сақталуда.

Кітаптарды аудандарға жеткізіп, еңбекшілерге тарату жұмыстарының қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы үлкен кемшілікке әкеліп соқты. Мысалы, облыстық кітап саудасы мекемесі быйылғы жылдың екінші тоқсанында 143 мың сомның кітаптарын «өтпейтін товар» ретінде есептен шығарған. Ал көптеген пайдалы кітапшалар кезінде еңбекшілерге жеткізілмегендіктен ескірген, маңызын жойған.Осындай әдебиеттерді іріктеу, есептен шығару жұмысына облыстық кітап саудасы мекемесінің басшылары үш адам бөлген.

Кітап іріктеуші Стасюк жолдас былай дейді:

— Біздің ескіріп кеткен кітаптарды іріктеу жұмысымен шұғылданғанымызға 15 күн болды. Бірақ, кітаптың көптігі сонша, біз іріктеу жұмысын әлі жеті күн жүргіземіз.

Қазір мектептерде жаңа оқу жылына әзірлік қызу жүргізілуде. Сондықтан қажетті оқулықтар мен көрнекі құралдарды ауыл-селодағы мектептерге жеткізуге ерекше қамқорлық жасау керек. Бірақ бұл жұмыстың ұйымдастырылуы мүлде нашар болып отыр. Облыстық кітап саудасы мекемесінің қоймасына қазір 63 түрлі оқулықтың 490 мың данасы келіп түсті. Ал, олар небәрі бес ауданға ғана жіберіліп, қалғандары қоймада сақталуда.

Кітаптарды бұқараға көп тарату үшін сатушыларды іскерлік сапасына қарай іріктеп алып, тұрақтандыруға ерекше көңіл бөліп, олардың мәдениетті қызмет етуін нақты талап ету керек. Әрбір магазин мен киосканың көпшілікке кітап таратуға арналған жоспары болуға тиіс. Сатушылар бұл жоспардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін әрбір адамға білім дәрежесін арттыруына, мамандығын жетілдіруіне көмектесетін кітаптарды ұсынып отыруға міндетті.

Ауыл-село еңбекшілеріне кітап тарату ісіне рекламаны, радионы кеңінен пайдаланып, мал фермаларын, оқу орындарын қамтитын көшпелі кітап саудасын ұдайы ұйымдастырып отыру керек.

А. ТЕМІРБАЕВ.

# Газет-журналдар уақтылы жеткізілсін

Андреев атындағы, Сталин атындағы ауылшаруашылық артельдерінде газет-журналдар тарату ісі тыңғылықты ұйымдастырылды. Бұл саяси маңызы зор жұмысты ойдағыдай өткізуге колхоз бастауыш партия ұйымдары жете көңіл бөлді. Олар баспасөздің маңызы мен рөлі туралы үгіт-көпшілік жұмыстарын кеңінен жүргізді.

Газет-журналдар мен хат-хабарларды аудан орталығынан колхоздарға жеткізіп тұру үшін почтальондар дер кезінде бөлінді. Шоткабаев, Маликов жолдастар өздерінің почтальондық міндеттеріне зор ұқыптылықпен қарайды. Соның нәтижесінде Андреев атындағы, Сталин атындағы ауылшаруашылық артельдері өздеріне тиісті почтаны аудан орталығынан күнбе-күн алып тұрады. Бұл почтальондар мал жайылымы участоктерінде тұратын малшылардың жазылған газет-журналдары мен хат-хабарларын тоқтаусыз жеткізіп тұрады.

Тарбағатай ауданында үстіміздегі жылдың екінші жартысының газет-журналдарына жазылу ісі ойдағыдай өткізілді. Еңбекшілер ауданға бөлінген лимиттен тыс 150 дана газет-журналға артық жазылды. Бұл аудан еңбекшілерінің баспасөзге деген мәдени тілектерінің арта түскендігін көрсетеді.

Алайда, газет-журналдарды иелеріне жеткізіп беру ісінде кемшіліктер жоқ емес. Ворошилов атындағы, Жамбыл атындағы және Чкалов атындағы колхоздарда мал жайылымы отарларында тұратын малшыларға жазылған газет-журналдарын уақтылы жеткізіп беруге жете көңіл бөлінбейді. Бұл колхоздардың бірде-бірі газет-журналдар мен хат-хабарларды тасыйтын почтальондарды бөлмеген. Соның салдарынан Жалаңаш мал жайылымындағы малшылар газет-журналдары мен хат-хабарларын айлап кешіктіріп алады. Бұл жұмысты шұғыл жолға қою туралы аудандық Совет атқару комитетінің бірнеше рет қаулысы шықты. Амал не, оның орындалуына тыңғылықты бақылаудың болмауынан қағаз жүзінде қала беруде.

Еңбекшілердің жазылған газет-журналдарын және хат-хабарларын уақтылы жеткізбеудің осындай фактілері бұл колхоздар бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары Бапатов, Сахиолдин, Бердімуратов жолдастарды ешбір ойландырар емес. Олар мұндағы іске мән бермей отыр. Бұл кемшіліктерді жедел түзету керек.

**Т. ҒАБДУЛЛИН.**

**Тарбағатай аудандық «Союзпечать» бөлімінің бастығы.**

17. Путевка в жизнь. Буду зоотехником.
Многие выпускники школ области решили работать в промышленности и сельском хозяйстве, 1 июля


КӨММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

№ 128 (3203). | ЖҰМА, 1 июль 1955 жыл. | Шыға бастағанына XVII жыл. Бағасы 20 тиын.


## Өмірлік жолдама

Жігіт болды Алтай енді кешегі,
Жасырынбақ ойнауға да ерсі енді.
Қолына алып жолдамасын өмірлік,
Қайта-қайта жүрегіне төседі.

Жаңға жайлы жаздың желі еседі,
Құрбыларымен кездескен бір кеш еді.
Оқу жайын бәрі бірдей сөз етіп,
Бір оқуға түсеміз ғой деседі.

Жүретүғын ойын түйіп Алтай да,
Жасқаншақ деп оны біреу айта ма?!
Достарымен сырласқан сол минутта,
Баратынын айтып салды ол қайда.

—Көптен бері шың арманым, тілегім,
Токарь болу, сол істі аса сүйемін.
Техниканың меңгеремін тетігін,
Партия, Отан! деп соғады жүрегім.

**Ә. МӘЛҒАЖИН.**

## Зоотехник боламын

Мен Ұлан ауданының Киров атындағы орта мектебін бітірдім. Бірге оқыған оқушылардың әрқайсысы өздері таңдаған мамандықтарды меңгергісі келетіндіктерін айтты. Бірақ мен ауыл шаруашылығында еңбек етуді жақсы көрдім.

Біз, оныншы класты 28 оқушы бітірдік. Ал олардың ішінде 9 оқушы ауылшаруашылық өндірісінде еңбек етуге тілек білдірді. Бірге оқыған Қоңырбаева, Рамазанов ауылшаруашылық техникумында оқып, механизатор болғысы келетіндіктерін мәлімдеді.

Биология пәнінен беретін мұғалім бізді оқып жүргенде Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің мал фермасына экскурсияға апарды. Онда біз кейбір ауыр жұмыстардың механикаландырылғандығын көзімізбен көрдік.

Зоотехник қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жолында маңызды жұмыстар атқаруға тиіс екенін жақсы түсінемін. Сондықтан мен Өскеменнің зоотехник мамандығын беретін ауылшаруашылық техникумына оқуға түспекшімін.

**И. ИСМАҒҰЛОВ.**
**Ұлан ауданының Киров атындағы орта мектебін бітірген.**



Облыс орта мектептерін бітірген көптеген оқушылар өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына жұмыс істеуге баруға тілек білдірді.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) Өскемен қаласының № 12 және Жамбыл атындағы қазақ орта мектебінің оқушылары. Бірінші қатарда: **Д. Тұрысбеков, В. Феоктистов, К. Алипинов, М. Тұңғышбаев,** Екінші қатарда: **А. Материкин, С. Сарбалин** және **В. Цыганков**, Бұлар қорғасын-мырыш комбинатына және колхоздарға жұмысқа баратындықтарын білдірді.

Суретті түсірген И. Серенков.

20. Установлено радио.
В области и в Усть-Каменогорске, 4 декабря


# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

№ 240 (3314). ЖЕКСЕНБІ, 4 декабрь 1955 жыл. Шыға бастағанына XVII жыл. Бағасы 20 тиын.


## Радио торабы орнатылды

Жақында Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінде 500 нүктелі жаңа радио торабы орнатылып, пайдаға берілді. Оның қуаты 500 киловаттық.

Қазірдің өзінде колхоз орталығы — Қалқұтты селосында 55 колхозшының үйінде радио сөйлеп тұр. Таяу уақытта артельдің Ақши мал отары радиоландырылмақшы. Радио линиясының Ақши мал отарына жеткізілуі Черкасов атындағы, Жданов атындағы, «Победа» колхоздарының осы отардағы мал жайылым учаскtoктерін радиоландыруға толық мүмкіндік бергелі отыр.

Жаңа радио торабын орнатуда Күршім аудандық байланыс бөлімінің аға радиотехнигі Фоненбейер мен радиотехник Пичугин жолдастар өздерінің міндеттерін тыянақты атқарып, белсенділік көрсетті.

**Қ. ҚОЖАХМЕТОВ.**
**(Өз тілшіміз).**

---



## Облысымызда және Өскеменде



☆ ☆ ☆

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында машина-есеп станциясы ұйымдастырылып, сыннан өткізілді. Байкау есеп станциясының аса тиімді және өнімді екендігін айқын көрсетті. Жаңа машина-есеп станциясы комбинаттағы есеп қызметкерлерінің санын 1,2 процент қысқартып, оларды баска жұмыска пайдалануға, айына 29 мың сом қаржы үнемдеуге жетуге және есеп жұмысын әрі тез, әрі сапалы жүргізуге мүмкіндік береді.

СУРЕТТЕ: машина-есеп станциясының операторы, ВЛКСМ мүшесі Роза Габдрахманова жұмыс үстінде.

**Суретті түсірген В. СМИРНОВ.**

☆ ☆ ☆

21. Учащиеся средней школы имени Жамбыла посещают литературный кружок.
Радость матери. Шахтер.
В школьном литературном кружке, 25 декабря



БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

(3330). ЖЕКСЕНБІ, 25 декабрь 1955 жыл. Шыға бастағанына XVII жыл. Бағасы 20 тиын.



Өскеменнің Жамбыл атындағы қазақ орта мектебінің оқушылары әдебиет үйірмесіне белсене қатысады. Үйірме жұмысы уақтылы, белгіленген жоспар бойынша жүргізіледі. Мұнда көркем әдебиет шығармалары жиі талқыланып, өзара пікір алысу болады. Мұнымен қоса үйірмеде мектеп оқушыларының жазған өлеңдері мен шағын әңгімелері де қызу талқыға түседі.

СУРЕТТЕ: оныншы класс оқушысы, үйірме мүшесі Раимжан Дүйсеков өзінің «Шахтер» деген өлеңін оқып тұр.

Суретті түсірген **М. КУБИК.**

# Ана қуанышы

Естілмей хабар талай күн
Ұлынан кеткен тың жерге.
Япырмай, болды қалай бұл
Ұмытты ма әлде біздерді?

Осындай бір ой ананы,
Еріксіз беле береді.
Хат келді, хатшы баланы,
—Кел сәулем, оқып бер,—деді.

«Саумысың ана-қария,
Етіңіз көптен кешірім,
Болып қап үлкен семья...»
Сәлеммен, балаң—Есімің.

Кішкентай сәби суреті
Келіпті хат ішінде.
Көп қарап, ана қуанды,
Ұлына тартқан мүсінге.

Әкірәмқан МӘЛҒАЖИН.

# ШАХТЕР

Лаваға барып
Еңбегің жанып,
Қара алтынға елді кенелттің.
Көркейсін деп ел
Қопарып жедел,
Тонналап көм'р женелттің.
Жер асты майдан —
Еңбек үлгайған...
Астында жердің шахтерлер.
Ойын да ісін
Зор өм'р үшін
Арнаған қайтпас жас ерлер.
Қызуы күшті
Көмірдей, іші
Жылытса егер жырларым,
Көңілмен көңіл
Жыр жазып не бір,
Ашар ем шахтер сырларын.

Р. ДҮЙСЕНОВ.

# Мектеп әдебиет үйірмесінде

Зайсан ауданы, Сталин атындағы жетіжылдық мектепте әдебиет үйірмесі жұмыс істейді. Оны мұғалима Мұқамедзакирова жолдас басқарады. Үйірмеде балаларға арналған шығармаларды талқылау жоспарлы өткізіліп отырады. Таяуда Е. Кошеваяның «Ұлым туралы әңгіме» деген повесті талқыланды. Онда оқушылар өздерінің алған әсерлерін айтты.

Әдебиет үйірмесіне қатысатын оқушылар ата-аналарға «Көңілді жорық» деген пьеса қойып берді. Оқушылар Түсіпов, Үйсінбаева, Әміралиева үйірменің жұмысына белсене қатысады. Оқушыларға өлең, әңгіме жазу жөнінде кең түсінік беріледі. Таяу күндерде М. Горькийдің «Балалық шақ» романынан әңгіме өткізіледі.

Ә. НІЛІБАЕВ.